

2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Қорғалжын аудандық мәслихатының 2012 жылғы 13 желтоқсандағы № 1/11 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 8 қаңтарда № 3587 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Қорғалжын аудандық мәслихатының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 164 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Қорғалжын аудандық мәслихатының 16.07.2014 № 164 хатымен)

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 75 бабының 2 тармағына, “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабына, «2013-2015 жылдарға арналған бюджет туралы» Ақмола облыстық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 5С-8-2 шешіміне сәйкес, аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2013 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер - 1 503 916,6 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер - 116 825,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер - 2 036,2 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 19 396,0 мың теңге;

ресми трансферттердің түсімдері - 1 365 659,4 мың теңге;

2) шығындар - 1 530 576,8 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 14 892,6 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер - 20 094,6 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 5202, 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - -100,0 мың теңге,

о н ы ң і ш і н д е :

қаржы активтерін сатып алу - 0,0;

мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 100,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - -41 452,8 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 41 452,8
м ы ң т е ң ғ е .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Акмола облысы Қорғалжын аудандық мәслихатының 06.12.2013 № 1/20 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .

2. Аудандық бюджетке кірістерді бөлудің нормативі келесі мөлшерде белгіленсін: ауданның бюджетіне әлеуметтік салық бойынша - 100 %.

3. Келесі көздердің есебінен аудандық бюджеттің кірістері бекітілсін:
1) салықтық түсімдерден, оның ішінде:
кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалардан алынатын жеке табыс
с а л ы ғ ы н а н ;

қызметін біржолғы талон бойынша жүзеге асыратын жеке тұлғалардан
алынатын жеке табыс салығынан;
әлеуметтік салықтан;
мүлікке салынатын салықтар;
жер салығы;
көлік құралдарына салынатын салық;
бірыңғай жер салығы;
а к ц и з д е р ;
жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем;
кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар;
м е м л е к е т т і к б а ж .

2) салықтық емес түсімдерден, оның ішінде:
коммуналдық меншіктегі мүлікті жалдаудан түсетін кірістер;
жергілікті мемлекеттік органдар салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар,
с а н к ц и я л а р ;

жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер.

3) негізгі капиталдан сатудан түсетін түсімдер, оның ішінде:
жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге
бекітілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер;
жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер.

4) трансферттердің түсімдері, оның ішінде:
ағымдағы нысаналы трансферттер;
нысаналы даму трансферттер;
с у б в е н ц и я л а р .

4. 2013 жылға облыстық бюджеттен аудандық бюджетке берілетін субвенция көлемі 1 113 905 мың теңге болып анықталсын.

5. 2013 жылға арналған аудан бюджетіне облыстық бюджеттен түсетін трансферттер қарастырылғаны ескертілсін:

1) мақсатты ағымдағы трансферттер - 237 244 мың теңге сомасында, оның і ш і н д е :

411 мың теңге – Ұлы Отан соғысына қатысқандарға және оның мүгедектеріне коммуналдық шығындары үшін әлеуметтік көмек көрсетуге;

1 332 мың теңге – аз қамтылған отбасыларының колледждерде оқитын студенттерінің және ауылдық жерлердегі көп балалы отбасыларының оқу ақысын төлеуге әлеуметтік көмек көрсетуге;

4 097 мың теңге - негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердің физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен ж а р а қ т а н д ы р у ғ а ;

17 355 мың теңге – мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға;

3 516 мың теңге – қорғаншыларға (қамқоршыларға) жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап-бағу үшін ай сайын ақша қаражатын төлеуге;

2 400 мың теңге – үйде оқитын мүгедек балаларды жабдықтармен, бағдарламалық қамтыммен қамтамасыз етуге;

77 901 мың теңге - Дружба орта мектебінің күрделі жөндеуіне;

11 074 мың теңге - мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі білім беру ұйымдары тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақының мөлшерін а р т т ы р у ғ а ;

10 174 мың теңге - үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілігін арттырудан өткен мұғалімдерге еңбекақыны көтеруге;

30 300 мың теңге - білім беру объектілеріне өртке қарсы іс-шаралар жүргізуге арналған трансферттер,оның ішінде 10 300 мың теңге – мектептерде автоматты өрт сөндіру қоңырауын орнатуға, 20 000 мың теңге - мектепке дейінгі ұйымдарынан бу қазандарын шығаруға;

20 000 мың теңге - елді мекендердің көшелерін және автомобиль жолдарын ж ө н д е у ғ е ;

7 133 мың теңге - елді мекендердегі әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын жүзеге асыру үшін;

21 282 мың теңге – эпизодиотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге;

13 740 мың теңге – Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберіндегі іс-шараларды жүзеге асыруға;

7 529 мың теңге – «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде өңірлердің экономикалық дамуы мен халықты қоныстандыру жүйесіне жәрдем көрсетуге;

9 000 мың теңге - қала құрылысы құжаттамасының әзірлеуге берілген т р а н с ф е р т т е р .

6. 2013 жылы аудандық бюджетке бюджеттік несиелерді жабудан түсетін

түсімдер 5 118 мың теңге көлемінде ескерілсін.

7. 2013 жылға арналған аудандық бюджеттің құрамында Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдени мекемелерінің ауылдық жерлерде тұратын және қызмет істейтін мамандардың айлық жалақылары мен тарифтік көрсеткіштеріне 25 пайыз жоғарылату қарастырылсын.

8. 2013 жылға арналған ауданның бюджетінде жергілікті атқарушы органының резерві 2 373 мың теңге сомасында бекітілсін, оның ішінде: табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резервінің есебінен іс-шаралар өткізу резерві 2 373 мың теңге сомасында бекітілсін.

9. 2013 жылға арналған бюджеттік даму бағдарламалардың тізбесі 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

10. 2013 жылға арналған аудандық бюджеттің атқарылу процесінде секвестрге жатпайтын аудандық бюджеттік бағдарламаларының тізбесі 5 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

11. 2013 жылға арналған ауылдық аймақтар әкімдерінің бюджет бағдарламаларының тізбесі 6 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

12. 2013 жылға арналған білім беру мекемелерінің бюджет бағдарламаларының тізбесі 7 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

13. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының
төрағасы, мәслихат хатшысы *Ө.Балғабаев*
«Келісілді»

Қорғалжын ауданының әкімі Қ.Рыскелдінов

Қорғалжын аудандық мәслихатының
2012 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 1/11 шешіміне 1 қосымша

2013 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Қорғалжын аудандық мәслихатының 06.12.2013 № 1/20 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты				Сума, мың теңге
	Сыныбы			
	Ішкі сыныбы			

				Бағдарлама	
				Атаулар	
1	2	3	4	5	6
				I. ТҮСІМДЕР	1 503 916,6
01				Салықтық түсімдер	116 825,0
	1			Табыс салығы	5 125,0
		2		Жеке табыс салығы	5 125,0
		3		Әлеуметтік салық	78 028,0
		4		Меншікке салынатын салықтар	29 716,0
		1		Мүлікке салынатын салықтар	19 649,0
		3		Жер салығы	937,0
		4		Көлік құралдарына салынатын салық	8 183,0
		5		Бірыңғай жер салығы	947,0
	5			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	3 208,0
		2		Акциздер	290,0
		3		Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1 402,0
		4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	1 516,0
	8			Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	748,0
		1		Мемлекеттік баж	748,0
02				Салықтық емес түсімдер	2 036,2
	1			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	109,2
		5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	102,0
		7		Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	7,2
	4			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 316,0
		1		Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 316,0
	6			Басқа да салықтық емес түсімдер	611,0
		1		Басқа да салықтық емес түсімдер	611,0
03				Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	19 396,0
	3			Жерді және материалдық емес активтерді сату	19 396,0
04				Ресми трансферттердің түсімдері	1 365 659,4
	2			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1 365 659,4
		2		Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	1 365 659,4

		1	Ағымдағы нысаналы трансферттер	244 154,4
		2	Нысаналы даму трансферттері	7 600,0
		3	Субвенциялар	1 113 905,0
			II. ШЫҒЫНДАР	1 530 576,8
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	160 788,7
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	145 144,4
		112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	14 622,1
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14 022,1
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	600,0
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	59 225,8
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	58 863,8
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	362,0
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	71 296,5
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	64 712,8
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6 583,7
	2		Қаржылық қызмет	355,3
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	355,3
		003	Салық салу мақсатында мүлкті бағалауды жүргізу	145,3
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	210,0
	9		Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	15 289,0
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	15 289,0
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15 058,0
		015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	231,0
02			Қорғаныс	3 015,0
	1		Әскери мұқтаждар	2 976,0
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	2 976,0
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	2 976,0
	2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	39,0
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	0,0
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	0,0

		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	39,0
04			Білім беру	914 770,2
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	58 128,6
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	58 128,6
		009	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	36 132,8
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	21 995,8
	2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	789 135,2
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	789 135,2
		003	Жалпы білім беру	755 425,4
		006	Балаларға қосымша білім беру	33 709,8
	9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	67 506,4
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	67 506,4
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 099,0
		004	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	3 758,0
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	9 003,0
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	836,0
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	3 844,1
		020	Үйде оқытылатын мүгедек балаларды жабдыкпен, бағдарламалық қамтыммен қамтамасыз ету	1 224,8
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	39 741,5
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	43 939,7
	2		Әлеуметтік көмек	30 564,2
		451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	30 564,2
		002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	9 796,0
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	323,8
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	5 046,3
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	223,0
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	7 538,0
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	5 611,1

		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	2 026,0
9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	13 375,5
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	13 375,5
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12 925,5
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	450,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	86 269,3
1			Тұрғын үй шаруашылығы	7 462,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 962,0
		004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	1 962,0
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	5 500,0
		003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алу	1 600,0
		004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	3 900,0
2			Коммуналдық шаруашылық	62636,2
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	55 036,2
		012	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	55 036,2
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	7600,0
		058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	7 600,0
3			Елді-мекендерді көркейту	16 171,1
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	16 171,1
		008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	6 787,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	7 240,0
		010	Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқ адамдарды жерлеу	104,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	2 040,1
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	195 396,0
1			Мәдениет саласындағы қызмет	44 069,2
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	44 069,2
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	44 069,2
2			Спорт	6 122,0
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	4 122,0

		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1 911,0
		007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	2 211,0
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	2 000,0
		008	Спорт және туризм объектілерін дамыту	2 000,0
3			Ақпараттық кеңістік	15 234,3
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	11 990,3
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	11 565,3
		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	425,0
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	3 244,0
		002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	3 244,0
9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	129 970,5
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	110 264,5
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 172,0
		010	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	264,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	104 828,5
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	8 948,0
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7 453,7
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	914,0
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	580,3
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	10 758,0
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 709,7
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	48,3
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	49 801,0
	1		Ауыл шаруашылығы	24 653,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	7183,0
		099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	7 183,0
	462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	12 067,0
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12 067,0

	473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	5 403,0
	001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 264,0
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	139,0
6		Жер қатынастары	3 866,0
	463	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	3866,0
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	3 807,0
	007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	59,0
9		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау мен жер қатынастары саласындағы өзге де қызметтер	21 282,0
	473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	21 282,0
	011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	21 282,0
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	21 211,2
2		Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	21 211,2
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	6 697,2
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6 607,2
	017	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	90,0
	468	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	14 514,0
	001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 514,0
	003	Ауданның қала құрылысы даму аумағын және елді мекендердің бас жоспарлары схемаларын әзірлеу	9 000,0
12		Көлік және коммуникация	30 704,6
1		Автомобиль көлігі	30 704,6
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	30 704,6
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	30 704,6
13		Басқалар	22 332,3
3		Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	6152,3
	469	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	6 152,3
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 733,0
	003	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	231,0
	004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	188,3
9		Басқалар	16180,0
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	13807,0

		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6 136,0
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	142,0
		040	«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	7 529,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	2 373,0
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	2 373,0
14			Борышқа қызмет көрсету	7,2
1			Борышқа қызмет көрсету	7,2
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	7,2
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	7,2
15			Трансферттер	2 341,6
1			Трансферттер	2 341,6
1	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	2 341,6
1	459	006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	2 341,6
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	14 892,6
			Бюджеттік кредиттер	20 094,6
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	20 094,6
1			Ауыл шаруашылығы	20 094,6
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	20 094,6
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	20 094,6
05			Бюджеттік кредиттерді өтеу	5 202,0
1			Бюджеттік кредиттерді өтеу	5 202,0
	1		Мемлекеттік бюджеттен берілетін бюджеттік кредиттерді өтеу	5 202,0
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	-100,0
			Қаржы активтерін сатып алу	0,0
06			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	100,0
1			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	100,0
	1		Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	100,0
		5	Мүліктік кешен түріндегі коммуналдық мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындарды және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың жедел басқаруындағы немесе шаруашылық жүргізуіндегі өзге мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін түсімдер	100,0
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	-41 452,8
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	41 452,8

07			Қарыздар түсімі	17 255,0
	1		Мемлекеттік ішкі қарыздар	17 255,0
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	17 255,0
		3	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы алатын қарыздар	17 255,0
16			Қарыздарды өтеу	5 118,0
	1		Қарыздарды өтеу	5 118,0
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	5 118,0
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	5 118,0
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	29315,8
	1		Бюджет қаражаты қалдықтары	29315,8

Қорғалжын аудандық мәслихатының
2012 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 1/11 шешіміне 2 қосымша

2014 жылға арналған бюджет

Санаты					С о м а , мың теңге
Сыныбы					
Ішкі сыныбы					
				Атаулар	
1	2	3	4	5	6
				I. ТҮСІМДЕР	1271947,0
01				Салықтық түсімдер	125086,0
	1			Табыс салығы	4634,0
		2		Жеке табыс салығы	4634,0
	3			Әлеуметтік салық	92941,0
	4			Меншікке салынатын салықтар	23981,0
		1		Мүлікке салынатын салықтар	16612,0
		3		Жер салығы	1023,0
		4		Көлік құралдарына салынатын салық	5499,0
		5		Бірыңғай жер салығы	847,0
	5			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар	3194,0
		2		Акциздер	136,0
		3		Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	2214,0
		4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	844,0
	8			Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) құжаттар бергені үшін оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар алатын міндетті төлемдер	336,0

	1	Мемлекеттік баж	336,0
02		Салықтық емес түсімдер	3969,0
	1	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	109,0
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	109,0
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	0,0
	4	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1484,0
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1484,0
	6	Басқа да салықтық емес түсімдер	2376,0
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2376,0
03		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0,0
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0,0
04		Ресми трансферттердің түсімдері	1142892,0
	2	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1142892,0
	3	Субвенциялар	1142892,0
		II. ШЫҒЫНДАР	1271947,0
1		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	150635,0
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілдік, атқарушы және басқа органдар	134893,0
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	14502,0
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14502,0
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	55840,0
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	55840,0
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0,0
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	64551,0
	001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	64162,0
	022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	389,0
	2	Қаржылық қызмет	175,0
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	175,0
	.003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	175,0

	9		Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	15567,0
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	15567,0
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатты, қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15320,0
		015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	247,0
02			Қорғаныс	3630,0
	1		Әскери мұқтаждар	3184,0
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	3184,0
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	3184,0
	2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	446,0
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	446,0
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	446,0
04			Білім беру	892729,0
	1		Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту	36440,0
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	36440,0
		009	Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету	36440,0
	2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	834957,0
